



Sultangazin University

ÓMIRZAQ SULTANĠAZIN ATYNDAĠY
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGİKALYQ ÝNİVERSİTETİ
QOSTANAI OBLYSY ÁKİMDİGİNİŇ BİLİM BASQARMASY
QOSTANAI q. «PEDAGOGİKALYQ SHEBERLİK ORTALYĠY» FİLİALY



ÓMIRZAQ SULTANĠAZIN ATYNDAĠY
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGİKALYQ ÝNİVERSİTETİNİŇ
80 JYLDYĠYNA ARNALĠAN ALTYN SARIN OQÝLARY
**«Bilim berý praktikasy sapasyn
joġarylatýdyň ózekti máseleleri»**
atty halyqaralyq ġylymı-praktikalyq konferensiasynyň

MATERIALDARY

II KITAP



II КНИГА

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ К 80 ЛЕТИЮ
КОСТАНАЙСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА
ИМЕНИ УМИРЗАКА СУЛТАНГАЗИНА

**«Актуальные проблемы повышения
качества образовательной практики»**

Qostanaı q., 2019 j.
г.Костанай 2019 г.

ӘОЖ 37.0 (063)

КБЖ 74.00

Б 94

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ
РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

- **Әбіл Еркін Аманжолұлы**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор;
- **Медетов Нурлан Амирович**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ғылыми жұмыс және стратегиялық даму жөніндегі проректоры, физика-математикалық ғылымдар докторы;
- **Мусабекова Гульвира Айдархановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің академиялық жұмыс және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Ахметов Тлеген Альмуханович**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- **Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, Мәскеу мемлекеттік халық аралық қатынастар институтының профессоры (Ресей, Москва қ.);
- **Бектурганова Римма Чингисовна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- **Оспанов Серикбай**, филология ғылымдарының кандидаты, Ы.Алтынсарин орталығының маманы;
- **Айнализева Назгуль Аманжоловна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің психологиялық-педагогикалық факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Утегенова Бибигуль Мазановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
- **Мнайдарова Светлана Сейтжановна** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Калиев Дастан Дуйсенұлы** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистры.

Б 94 БІЛІМ БЕРУ ПРАКТИКАСЫ САПАСЫН ЖОҒАРЫЛАТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ =АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРАКТИКИ. – Қостанай, 2019. - 370 б.

ISBN 978-601-7934-67-5

«Білім беру практикасының сапасын жоғарылатудың өзекті мәселелері» тақырыбындағы Алтынсарин оқуларының Халықаралық ғылыми - практикалық конференция материалдары осы жинаққа енгізілген.

Мақала авторлары: жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілер білім беру үрдісінің сапасын жоғарылату және білім беруді жаңғырту мәселелері бойынша халықаралық кәсіби қауымдастықтың өзекті мәселелерін талқылауға алған.

Аталған жинақ жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілерге арналаған.

В сборник включены материалы Международной научно-практической конференции «Алтынсаринские чтения «Актуальные проблемы повышения качества образовательной практики».

Авторы статей: преподаватели вузов и колледжей, учителя школ и научные сотрудники обсудили актуальные проблемы повышения качества образовательного процесса, модернизации образования.

Настоящий сборник предназначен для преподавателей вузов и колледжей, учителей школ, научных сотрудников.

ӘОЖ 37.0 (063)

КБЖ 74.00

ISBN 978-601-7934-67-5

©Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, 2019

©Костанайский государственный педагогический университет имени У.Султангазина, 2019

былайша сабақтайды; «Оқыту мен даму тікелей сәйкес келмейді, олар бір - бірімен өте күрделі оқыту ғылыми теориядан практикалық іс - тәжірибеге батыл ене бастады.

Дамыта оқытуда баланың ізденушілік - зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Ол үшін бала өзінің бұған дейінгі білетін амалдарының, тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезетіндей жағдайға түсуі керек. Содан барып ол білім алуға әрекеттенеді.

Білім беру жүйесінің мазмұны қоғамдық ағымдағы және болашақ қажеттіліктерді ескеріп және адам танымының ерекшеліктерін бейнелеп, әлеуметтік даму деңгейін есепке алудың негізінде қоғамға қабылданған білім берудің даму тұжырымдамасына сәйкес келуі тиіс.

Бастауыш сынып оқушыларының өзіндік көзқарасын қалыптастыру мен жеке дамуын қамтамасыз ету бүгінгі күннің басты талабы. Өйткені мектеп жасына келген баланың ынтасын жоймаудың басты тәсілі – олардың шығармашылық талабын қанағаттандыру, ынтасын оятып, білім алуға шабыттандыру.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Аренова А. Дербес оқу әрекетінің теориялық негіздері. /А.Аренова. //Бастауыш мектеп. – 2001.-№4.- 22 б.
2. Жарықбаев Қ. Әдет және жантану. /Қ.Жарықбаев.-Алматы: 1994.-144 б.
3. Жалпы білім беретін мектептің оқу бағдарламасы.
4. Қоңырбаева К. Дарынды балаларды оқыту мәселелері. Қазақстан мектебі.- 2000.- №3.- 17-18 б.
5. Қасенбаева Л. Тиімді әдіспен. Бастауыш мектеп.- 1998.-№3.-30-31 б.
6. Құсайынова З. Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту./З.Құсайынова. //Дарын.- 23 б.

ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ПРАКТИКАСЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІ

Ақышева Балайым Жансейітқызы
Айнабекова Ақмарал Сабитқызы
қазақ тілі, әдебиет мұғалімдері
А.М.Горький атындағы гимназия

Аннотация

XXI ғасыр — озық технологиялар ғасыры. Сондықтан білім беру жүйесінде жаңа технологияларды тиімді пайдалану - заман талабы. Әсіресе тіл үйренуде мұның пайдасы өте зор. Себебі тіл үйрену арқылы адам бүкіл бір ұлттың мәдениеті мен әлеуметін қатар үйренеді. Адам көру, есту арқылы тіл қолданушылардың мәдениетін тезірек сезінеді. Яғни өзінің де сол тілді меңгергендердің қатарына қосылуы жеңілдей түседі. Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға оқушының жеке бас тұлғасын, білім алу арқылы азамат ретінде дамуын қойып отыр.

Жаңаша оқыту технологиясы — белгіленген мақсатқа нәтижелі қол жеткізуді қамтамасыз етуде оқытудың формасы, әдістері мен құралдарын ашып көрсету

Аннотация

XXI век — век передовых технологий. Поэтому, правильно использовать новые технологии в системе образования — это требование времени. Особенно это необходимо при изучении языка. Потому что при изучении языка он знакомится с культурой и обществом целой нации. Посредством языка через умение видеть и слышать он быстрее чувствует культуру. То есть изучая язык он встает на первый ряд с теми кому легко изучать язык. Парадигма нового образования ставит вперед развитие человека как гражданина, а не личность.

Технологии обновленного содержания обучения — это форма обучения, которая формирует умение добиваться целей, раскрыть методы и способы работы с инновационными технологиями

Abstract

XXI century is the century of Hi-tech. That is why it is necessary to use new technology in education. And this is time requirements. It is especially necessary when you learn languages. When you learn language, you get acquainted with culture and all nation. You can feel the culture and learn to see and hear it due to language. New education paradigm is to consider a person not as a personality but as a citizen.

Aim: the technology of modern content of education – is a form of education which is form the ability to achieve the aims, reveal methods and ways of working to with new technologies.

XXI ғасыр — озық технологиялар ғасыры. Сондықтан білім беру жүйесінде жаңа технологияларды тиімді пайдалану - заман талабы. Әсіресе тіл үйренуде мұның пайдасы өте зор. Себебі тіл үйрену арқылы адам бүкіл бір ұлттың мәдениеті мен әлеуметін қатар үйренеді. Адам көру, есту арқылы тіл қолданушылардың мәдениетін тезірек сезінеді. Яғни өзінің де сол тілді меңгергендердің қатарына қосылуы жеңілдей түседі. Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға оқушының жеке бас тұлғасын, білім алу арқылы азамат ретінде дамуын қойып отыр. Жаңаша оқыту технологиясы — белгіленген мақсатқа нәтижелі қол жеткізуді қамтамасыз етуде оқытудың формасы, әдістері мен құралдарын ашып көрсетіп, оқу бағдарламасында белгіленген оқытудың мазмұнын жүзеге асыру тәсілі. Оқытуды жаңаша ұйымдастыруда мына міндеттерді қамтуы тиіс: оқушыларды оқу үрдісін басқаруға қатыстыру; ұжымдық іс-әрекетті ортақ қарым-қатынас құралы ету; деңгейіне қарап саралап, ерекшелігіне қарап даралап оқыту.

Білім беру жүйесіндегі инновациялық технологияларына дамыта оқыту, модульдік оқыту, сын тұрғысынан ойлауды дамыту; сатылай комплексті талдау, VTS бағдарламасы, деңгейлеп оқыту, жобалау технологиясы, сын тұрғысынан ойлау технологиясы, саралап, даралап оқыту технологиясы жатады. Соңғы жылдары ең жиі қолданатын технологиялар – бұл жобалау технологиясы, саралап, даралап оқыту және сын тұрғысынан ойлау технологиялары. Дәл осыларда тоқталайық.

Жобалау технологиясын қолданудағы негізгі мақсат – оқушылардың қызығушылық ынтасын дамыту, өз бетімен жұмыстарын жүргізу арқылы білімдерін жетілдіру, ақпараттық бағдарлау біліктілігін қалыптастыру және сыни тұрғыдан ойлау қабілетін арттыру арқылы оқушыны болашақта әр түрлі жағдаяттарда, әр түрлі қоғамдық ортада өзін өзі көрсете білуге бейімдеу. Жобалай оқыту технологиясының философиялық, гуманистік, психологиялық мүмкіндіктері оқушының жеке тұлғасын дамытуға бағытталады. Өз бетімен қазақ тілі бойынша берілетін түрлі жобаларды қазақ тілінде орындау барысында оқушы «білім іздеудің өзіндік сүрлеуін» қалыптастырады және ол сүрлеу оқушының өмір бойғы білім алуы дағдыларын дамытады. Бұл технологияның артықшылығы—жоба жұмысын орындау арқылы оқушы өздігінен шешім жасауға үйренеді, жобаның орындау логикасын анықтайды. оқушы тілді меңгеру үдерісінде қазақ тілін оқып-білудің негізгі әрі белсенді субъектісіне айналады. Оқушының білім деңгейін дамытуға көмектеседі, себебі ол өз бетінше әрекетке түсіп, ізденеді, тақырыпты өзі таңдауына мүмкіндік алады.

Жобалап оқыту технологиясы арқылы қазақ тілін меңгертудің ережесі мынадай: тақырып (жобалық) оқу бағдарламасына сәйкес болуы керек және ол оқушының қызығушылығын тудыруы қажет; оқытушының рөлі өзгереді, ол тек қана ұйымдастырушы әрі кеңесші болуы тиіс; жобалап оқытудың өн бойында іздену әрекеті, зерттеу әрекеті, талдау және жинақтау әрекеті ұйымдастырылады. Сонымен бірге, ізденуші жеке жұмысының жобасын ұсынып, оны нәтижесінде дәлелдеу үшін жоспар жасайды, сызба, кескіндеме, диаграммалар пайдаланылады; талқыға ұсынылатын тақырып кең және ашық болуы қажет; жобаны қорғау жұптық (диада), үштік (триада) және топтық шеңберде орындалуы қажет Осындай жұмыс тобын құру тілдік тұлғаның қазақ тілін жетік меңгеруге және шығармашылық белсенділігін тудыруға, топ мүшелерінің өзара ынтымақтастықта жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Сондай-ақ, қазақ тілін оқыту технологияларын қолдану арқылы оқушы білімінің сапасын көтеру үдерісі –

оқыту технологияларының сапасын, оқушының сол технология бойынша қазақ тілінен алған білімінің сапасын, қазақ тілін үйретуші оқытушылардың шығармашылық жұмысының сапасын, қазақ тілін үйрету әдістерінің сапасын танытатын, анықтайтын ерекше дидактикалық үдеріс. Қазақ тілін жобалай оқыту технологиясының сапасы оның қол жеткізілетін түпкі нәтижесі арқылы өлшенеді

Саралап даралап оқыту. Жаңартылған мазмұн жағдайында оқытуды саралаудың маңыздылығы артуда. Зерттеулерде ішкі және сыртқы саралау түрлері айқындалған. Ішкі саралау кезінде оқушылар топқа бөлінбейді, оқу үрдісінде мұғалімдер оқушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық қолдау көрсетеді. Сыртқы саралау кезінде гимназия сыныптарында білім алушы оқушылар үшін факультатив және бейіндік пәндер бойынша қосымша сабақтар ұйымдастырылып, оқушылар белгілі бір критерийлерге сай бөлінеді. Сыртқы саралау барысында белгілі бір мақсатқа сай түзету, жетілдіру, педагогикалық қолдау көрсету шаралары, оның ішінде дарынды балалармен жұмыс, қосымша шығармашылық тапсырмалар арқылы дамыту, мамандықты игеру немесе жоғары оқу орындарына дайындық жұмыстары жүзеге асырылады.

Жоғарыда аталған сипаттамалар бойынша саралаудың төмендегі алты түріне тоқталғым келеді:

1. Мақсат бойынша саралау сабақты жоспарлаудан бастау алып, оқушылардың көпшілігі, басым бөлігі, кейбір оқушылар (дарынды) үшін қол жетімді тапсырмаларды орындауға бағытталады.

2. Ресурс немесе мәтін бойынша саралау түрі ілгері деңгейдегі, мазмұны терең ресурстармен жұмыс жүргізуге бейім балаларға арналады. Оқушылар бәріне ортақ бір сұраққа жауап бергенімен, күрделілік деңгейі әртүрлі ресурстарға сүйене отырып, өз жауаптарын негіздей алады. Тарих және география пәндері бойынша негізгі ақпараты бірдей түрлі деңгейдегі мәтіндер әзірлеуге болады. Оқушының жұмыс жасау деңгейіне байланысты мұғалімдер ұсынылатын ресурстарды біртекті етпей, оқушыларға түрлі ақпаратты қол жетімді ету шараларын ойластыруымыз қажет.

3. Тапсырма бойынша саралау (деңгейлік тапсырмалар) түрі негізгі мазмұнды қамтитын түрлі тапсырмалар ойластыруды көздейді. Оқушыларға түрлі таратпа материалдарын, кеспе қағаздар мен жаттығулар ұсынуға болады. Кейбір мұғалімдер әр түрлі балаларға ұсынылатын деңгейлік тапсырмалардың әлеуметтік салдары туралы айтады. Мүмкін, олардың пікірі де дұрыс болар, бірақ өз деңгейі үшін күрделі болып шамасы жетпей немесе тапсырма өте жеңіл болғандықтан қызығушылықтың жойылуымен салыстырсақ, әлеуметтік салдардың рөлі төмен деуге болады.

Аталған саралауды әр баланың қабілеті бойынша рөлдер мен жауапкершілікті бөлу арқылы жүргізілетін топтық жұмыс (мүмкіндіктеріне сай жобаның бөліктерін орындау т.б.) барысында қолданған дұрыс болар. Тапсырмалар бойынша саралау барысында таратпа материалды қолдану деңгейі біртіндеп күрделенеді. Бастапқы тапсырмалар кейінгі тапсырмаларға қарағанда жеңіл болғанымен, кейбір оқушылар үшін қиындық туғызуы мүмкін. Кейінгі тапсырмалар күрделірек болғанымен, бастапқы деңгейді нәтижелі орындаған қабілетті оқушылар үшін қиындық туғызбауы да мүмкін. Мұғалімдер саралаудың осы түрін қолдану тиімді деп санайды, себебі баршаға бірдей тапсырмалар мен таратпа материалдар дайындалады. Дегенмен, қабілеті жоғары оқушылар бастапқы, яғни өздері үшін тым жеңіл тапсырмаларды орындау барысында уақыт жоғалтады.

4. Диалог негізінде саралау. Кез-келген білім алушы үшін маңызды ресурс - қағаз емес, электронды құрал емес, адами ресурс. Диалог негізінде саралау барысында мұғалім мен оқушы арасындағы сұхбатқа мән беріледі. Диалог арқылы саралаудың түрлі аспектілері бар. Сөздік қор және қолданылатын тілдің мүмкіндіктері мен күрделілігі әр оқушының қабылдау деңгейіне сай бейімделеді. Қабілеті төмен оқушы ақпаратты қарапайым тілмен түсіндіруді қажет етеді, деңгейі жоғары оқушы мазмұны күрделі

диалогты талап етеді. Барлық оқушыға диалог аясында сындарлы кері байланыс берілуі қажет. Сыныпты басқарушы тәжірибелі мұғалім әр оқушының даму траекториясын қалыптастыру үшін олардың қабілеті мен сұранысына сай тиімді кері байланыс ұсына білуі тиіс.

5. Оқушыға жеке қолдау көрсету арқылы саралау түрі жоғарыда аталған диалог арқылы саралаумен байланысты, себебі кейбір оқушылар белгіленген мақсатқа қол жеткізуі үшін арнайы көмекті қажетсінеді. Көмек ауқымы мен деңгейі де оқушы қажеттілігіне сай сараланған болуы тиіс. Бұл қолдау мұғалім немесе басқа да үлкендер тарапынан көрсетілуі мүмкін. Оқушы қолдауды басқа оқушыдан, компьютерден немесе ақпараттық технологиялар арқылы алуы мүмкін. Қабілетті оқушыға жеке оқыту бағдарламасы бойынша қолдау көрсетуге болады. Қабілетіне, деңгейіне қарамастан әр оқушы қолдауға лайықты, сабақ жоспарын мұқият ойластырған мұғалім ғана педагогикалық қолдауды сараланған нұсқада ұсына алады.

6. Қарым-қатынас формалары бойынша саралау (топтық жұмыс) Ынтымақтастық (коллаборативті) оқыту – саралаудың тиімді тәсілі болып табылады. Шағын топтарда қабілеті орта оқушы өзінің құрбысынан көмек алуға мүмкіндігі бар, ал қабілетті оқушылар өз ойы мен идеясын жүзеге асыру арқылы топ жұмысына үлесін қоса алады.

Жаңаша оқыту технологиялардың бірі — «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясы — технологиялардың ішіндегі шоқтығы биік, ерекшелігі мол, құнды технология. Сын тұрғысынан ойлау— бұл ақпарат пен ойдың бірігіп алудың шынайы тәсілі. Ақпаратты алу ғана емес, сонымен қатар алған ақпаратты сыни тұрғыдан бағалап, ой елегінен өткізу арқылы қолдану. Бұл қиын тапсырманың шешімін табу үшін жасалатын дұрыс шешім. Сол шешімге сенудің бірден бір жолы. Оқушының дұрыс ойлануына жасалатын ой моделі және ой әрекетінің қызметі, шығармашылық ойлауын дамытатын ең маңызды бағыт.

Сын тұрғысынан ойлаудың 5 қыры бар: өз бетімен ойлау; ойын қорыту; проблемалық және сол ойын бағалай білуі; ойын дәлелдеуі; сын тұрғысынан ойлаудың өзі әлеуметтік ойлау болып табылады (өмірмен байланысты). Сын тұрғысынан ойлау технологиясы анықтағандай 6 компоненттен тұрады.

Сыни ойлаушы: Өз ойын қалыптастыра біледі; Әртүрлі ойлармен санасып, өз ойын дәлелдеуге тырысады; Тақырып бойынша мәселені шеше біледі; Дәлелді пікірталас құра алады; Бірлескен жұмыстан түбегейлі шешім шығаруды толықтай құптайды; Кезкелген сұрақтың шешімін табу үшін адамның қабылдауының өзі көптеген факторлардың әсерінен болатынына түсінеді және бағалай біледі. Сын тұрғысынан ойлау технологиясының негізгі белгілері: Осы технологияның мақсаты-оқушылардың ойлау дағдыларын, оқуда ғана емес тұрмыстық өмірде де (толық түбегейлі шешім қабылдауға, түрлі жағдайлардың қыр-сырын білуге, ақпаратпен жұмыс жасауға және оны талдай алуына) дамыту; СТО технологиясының негізі— сабақтың үшбағыттық құрылымында: Ой шақыру; Ойлау; Кері байланыс; Ой шақыру тапсырмалары: Өтілетін (оқытылатын) материал бойынша оқушылардың білімдерін жаңарту, не болмаса естеріне түсіру; Өтілетін материалға деген оқушылардың қызығушылығын ояту; Өтілетін тақырыпты оқушылардың өздері анықтауға мүмкіндік беру. Ойды жүзеге асыру үшін берілетін тапсырмалар— Өтілетін тақырыпты белсенді меңгеруіне жағдай жасау; Өткен тақырып пен жаңа тақырыпты байланыстыра білуге жағадай жасау;

Кері байланыстың тапсырмалары - Өтілген тақырып бойынша өз ойын қорытуға көмек беру; Келесі тақырыпты өзбетімен анықтауға көмек беру. СТО дамытудың түрі мен құралдары: Тақырып бойынша жинақ; Мәтіндер талдауы; Түрлі көзқарастағы тапсырмалар құрастыру; Ұжымдық пікірталас; Топпен және жұппен жұмыстардың әртүрі; Дебаттар; Пікірталастар; Оқушылардың жазба жұмыстарын жариялау; СТО-жазба жұмыстары (оқушылардың жазған «Эссе», «5 жолды өлең» жинап отыру. СТО технологиясындағы мұғалім ролі: Оқушыларды анықталған бағытқа бағыттау; Түрлі

пікірлермен бетпе-бет келеді; Өз бетімен дұрыс шешім шығаруға жағдай жасайды; Оқушыларға өзбеттерімен шешім шығаруға мүмкіндік береді; Қалыптасқан танымдық ішкі жағдаяттарды дайындайды; СТО технологиясының негізгі тәсілдері: «Жуан» және «жіңішке» сұрақтар кестесі, Блум сұрақтарының түймедағы, Шығармашылық сұрақтар, Практикалық сұрақтар, Кластерлер, Өтілетін материалдың көру айғақтарын ұйымдастыру формалары, Проблеманы шешу дағдысын дамыту бойынша тәсіл, Пікірталасты жүргізу дағдысын жетілдіру тәсілі және т.б..

«Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясы несімен өзіне баурап алды: кез келген ұстазға сапалы сабақ беруге мүмкіндік береді; оқыту мен ұйымдастырудың тиімді әдістерінің көптігі. Бұл бағдарламада жүзге тарта стратегия бар екені белгілі. Сол әдіс-тәсілдерді жақсылап игеріп, ішінен қажеттілерін таңдау арқылы әр сабақтың мақсат-міндеттерін тиімді де оңтайлы жолмен жүзеге асыруға мүмкіндік мол. Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау сабақтарында мына мәселелерге назар аударылады: Сабақты белсенді өткізіп, әр баладан еркін жауап алуға жағдай жасау.

- Сенімділікке тәрбиелеу үшін баланың жауабын санмен бағаламау.
- Қиялын дамыту үшін «менің ойымша» деген жауапқа дағдыландыру.
- Әр түрлі жауапқа бірдей қарау, жақсысын мадақтап, нашарын сынамау.
- Тіл байлығын дамыту үшін, қалайда жауапты соңына дейін тыңдау.
- Жауап беруге тілек білдірмеген баланы өз еркінсіз, қинап сұрамау.
- Баланың дүниетанымының кеңіп, рухани өсуіне жағдай жасау.
- Жеке тұлға ретінде «мен» деген рөлін көтеру, өз пікірін қалыптастыру.

«Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасының маңыздылығы - бұл жүйенің бір ерекшелігі, кез келген ақпараттың жан-жақты ой елегінен өткізіп барып қабылданатындығы. Екінші бір ерекшелігі, жеке емес, топтық не ұжымдық талқылаулар түрінде игерілетіні. Бұл бағдарламаның тиімділігі негізгі қағидалары мен мақсат-міндеттері дамыта-тәрбиелей отырып, шығармашыл тұлға қалыптастыруға бағытталған.

Осы технологиямен жұмыс істеу арқылы мынадай жетістіктерге жеттік: «Сын тұрғысынан ойлау» сабақтарында білім беріп, икем-дағды қалыптастырып қана қоймай, ұжымдық шығармашылық іс-әрекеттер арқылы бала болашағына ықпал етіп, оның өз білімін жетілдіре отырып, өзін-өзі тәрбиелеп дамытуына жағдай жасауға болады екен. Кез келген баланың танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, оқытуды жеке тұлғаға бағыттау арқылы кез келген сабақтың дамытушылық және тәрбиелік мүмкіндіктерін тиімді пайдалану осы жүйені қолдану барысында ойдағыдай жүзеге асады. Сабақтың тартымды өтуі, ұтымды тәсілдерді дұрыс қолдана білу бүгінгі мұғалімнен ізденісті талап етеді.

Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттар ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту мұғалімнің басты міндеті болып тұр.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Абдиева Ш.Д. Жобалау әдісін қолдану арқылы тіл үйренуге деген белсенділігі мен қызығушылығын арттыру // Қазақ тілі мен әдебиеті. №3, 2010
2. Бабаев С., Қазиева К. Педагогикалық инновациялар мен педагогикалық озат технологиялар — талапшаң мұғалім еншісі 2011 № 4.
3. Ишанғалиева А.М. Құзыреттілік — білім мен мүмкіндіктің бірігуі № 2.
4. Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
5. «Қазақ тілі мектепте» журналы №4, 2014 жыл
6. Қисымова Ә.Қ., Увалиева Т.Ж. Оқыту технологиялары. – Алматы. 2007
7. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа», 2010 ж.
8. Пахомава Н.Ю. Проектное обучение – что это?// Методист. №1, 2004
9. Сатбекова А.А. Қазақ тілін жобалау әдісі арқылы оқыту жүйесінің дидактикалық ұстанымдары // Білім – Образование. №3 (27), 2006, 48-52бб.

ДИАЛОГ НА УРОКЕ – ЭФФЕКТИВНЫЙ СПОСОБ РАЗВИТИЯ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ

Алёшина Ирина Александровна.
учитель начальных классов
гимназии А.М. Горького
г. Костанай

Аннотация

Мақалада сыниойлау дағдыларын дамыту үшін диалогты пайдаланудағы бастауыш сынып мұғалімінің тәжірибесі сипатталады.

Мақсаты: сыниойлауды дамытудағы диалогтың рөлін анықтау. «Күрделі ойлауды дамытатын» кейбір әдістерін қолдануды көрсетіңіз, оларарқылы жоғары деңгейлі ойлау дағдылары дамытылады.

Аннотация

В статье описан опыт работы учителя начальных классов по применению диалога для развития навыков критического мышления.

Цель: раскрыть роль диалога в развитии критического мышления. Показать применение некоторых приёмов «Технологии развития критического мышления», посредством которых развиваются навыки мышления высокого порядка.

Abstract

The article describes the experience of the elementary school teacher how to use dialogues to develop young learners' critical thinking.

Goal: to describe the role of the dialogue in developing young learners' critical thinking, to demonstrate some technics of "Critical thinking development technology" using which skills of high order thinking can be developed.

Түйінді сөздер: сыниойлау, диалог, мотивация, практикалық қызмет, зерттеу, түсіну.

Ключевые слова: критическое мышление, диалог, мотивация, практическая деятельность, исследование, понимание.

Keywords: critical thinking, dialogue, motivation, practice, research, understanding.

Динамичность происходящих в современном мире перемен предполагает конструктивные изменения в системе образования. Принципиальным отличием обновленной образовательной программы преподавания и обучения Казахстана является приоритетность в формировании готовности учащихся к практическому применению имеющихся знаний, помимо формального обладания ими, что в большей степени соответствует сущности навыков, востребованных в XXI веке.

К навыкам, востребованным в XXI веке, относятся навыки мышления высокого порядка, а именно умение анализировать, аргументировать, интерпретировать, исследовать, оценивать, которые развиваются у детей при условии их активного вовлечения в обсуждение, диалог, исследовательский разговор, т.е. в активное обучение, что способствует повышению внутренней мотивации и развитию критического мышления. Как развивать критическое мышление? Через диалог!

Диалог занимает центральное место в развитии критического мышления, т.к. способствует активизации познавательного общения и побуждению учащихся к умственной и практической деятельности, формированию у них умений речевого общения и самостоятельной деятельности, обучению их способам коллективной мыслительной деятельности.

Диалог, как метод развития критического мышления, имеет определенные особенности: основывается на теоретическом суждении, предполагает альтернативное

МАЗМҰНЫ

СОДЕРЖАНИЕ

ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ПРАКТИКАСЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІ

ОПЫТ ПРИМЕНЕНИЯ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ И МЕТОДОВ В ПРАКТИКЕ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Абдухалимов Д. К., Білімді меңгерту мен қорытындылауда Kahoot қосымшасын қолданудың тиімділігі.....	3
Абишева А. М., Развитие лексико-терминологического аппарата учащихся с помощью стартеров.....	6
Адильханова Л. О., Хамлин Е.А., Жаңартылған білім мазмұн заманауи, рухани дамыған оқушыларды оқытудағы мұғалімдердің кәсіби шеберлігі.....	9
Аканбаев Б. Н., Дюсеков Н. А., Жоғарғы білім беру саласында суретшілермен серіктестік орнату мәселесі.....	14
Ақбарова Р. Г., Наженова М. А., Применения инновационных технологий на уроках английского языка.....	19
Ақылбекова Л. Б., Аубакирова Т. У., Бастауыш сыныптың қазақ тілі сабағында «Дамыта оқыту технологиясы» арқылы оқушылардың қабілетін дамыту жолдары....	21
Ақышева Б. Ж., Айнабекова А. С., Заманауи білім беру практикасында инновациялық технологиялар мен әдістерді қолдану тәжірибесі.....	25
Алёшина И. А., Диалог на уроке – эффективный способ развития критического мышления.....	30
Аликулова М. С., Асанова К. И., Алиева Ж. Ш., Қаптан белгішелері арқылы мәтінмен өздігінен жұмыс жасау дағдысын дамыту әдістері.....	34
Альдикенова А. А. Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдер.....	39
Амантаева А. Б., Бухметова А. А., Использование инновационных методов изучения философии.....	43
Амиркулова Н. С., Сапакова Ж. М., Мамырбаева А. К., Внедрение обновленной программы содержания образования в практику.....	46
Андреева С. Н., Применение электронного сопровождения на уроках физической культуры.....	49
Асанова А. Б., Унгутбаева Г. Ш., Кинжибаева А. С., Использование инновационных технологий на занятиях по английскому языку с целью повышения мотивации к его изучению.....	52
Асканбаева Г. Б., Доспулова У. К., Решение задач повышенной трудности по геометрии.....	56
Аслямова Р. Г., Система применения инновационных технологий и методов в практике преподавания истории Казахстана в коррекционной школе.....	59
Астахова Л. В., Даус Е. В., Елькина Н. М., Традиционные и инновационные приёмы обучения детей каллиграфическому письму как условие повышения грамотности младших школьников.....	63
Асылханова Г. А., Досбаева А. С. Продуктивное использование новых технологий в практике современного образования.....	65
Ахметбекова Б. Р., Нұрқанова М. Д., Елекеева С. А., Инновациялық әдіс-тәсілдердің оқыту үрдісіндегі тиімділігі.....	68